

## **«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДА СУ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОРПОРАТИВТІК СТАНДАРТ**

### **Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау аясындағы саясатын табысты іске асыру үшін онда табиғи ресурстарды, атап айтқанда қоғам, бизнес және адам өмірі үшін құнды болып табылатын су сияқты ресурстарды сақтауға бағытталған процестер болуы тиіс. Су ресурстарын басқару әрбір кәсіпорын деңгейінде басқарудың кешенді тәсіліне, өзінің әсерін толық түсінуге және басқа пайдаланушылармен су көздерін әділ бөлуді міндетті түрде есепке алуға негізделген болуы тиіс.

Осы ҚМГ компаниялар тобында Су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт (бұдан әрі – Стандарт) ҚМГ компаниялар тобындағы Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі менеджмент жүйесінің бөлігі болып табылады. Стандарт су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік қағидаттарды айқындайды, ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарының (бұдан әрі – Компания), ҚМГ қызметкерлері мен мердігерлерінің, оның ішінде қызметі су ресурстарын алумен және/немесе тұтынумен, қоршаған ортаға теріс әсерін төмендетуге, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған, судың сапасын өзгертумен байланысты жобалау ұйымдарының қызметін регламенттейді.

**Әрбір жеке Компания деңгейінде, сол сияқты ҚМГ барлық компаниялар тобы деңгейінде су ресурстарын ұтымды пайдалану Стандарттың мақсаты болып табылады.**

### **Стандарттың негізгі міндеттері:**

- ҚМГ барлық компаниялар тобы бойынша су ресурстарын басқарудың міндетті түрде қолдануға арналған шешуші қағидаттарын айқындау;
- су ресурстарын басқаруды үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету;
- Компанияларда қалыптасқан практикаға қарама-қарсы су ресурстарын басқарудың, компанияның түрлі қажеттіліктерге (ауыз су, өндірістік, шаруашылық-тұрмыстық және өзге де қажеттіліктерге) арналған суды

пайдалануын түрлі бөлімшелердің басқару процесінің бірыңғай иеленушісін қамтамасыз ету.

- Компаниядағы су ресурстарын басқару процесіне мүдделі тараптардың тартымдылығын қамтамасыз ету болып табылады.

### Стандартты енгізу:

- су ресурстарын басқарудың біркелкі тәсілін қолдануға;
- ҚМГ Саясатының ережелерін ресурс үнемдеу және қоршаған ортаға әсерін төмендету бөлігінде іске асыруға;
- су ресурстарын пайдалану және су көздеріне әсерін тигізу бөлігінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл деңгейін арттыруға;
- болуы мүмкін тәуекелдерді, олардың зардаптарын басқаруға және оларды жақсарту мүмкіндіктерін айқындауға;
- ҚМГ инвестициялық тартымдылығын, беделін және сенімділігін халықаралық деңгейде арттыруға;
- өндірістік және ауыз суға арналған тұщы судың жетіспеуінің өсу проблемасы жағдайында өндірістік процестердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### ҚМГ-да су ресурстарын басқару процесі

Су ресурстарын басқару – бұл әлеуметтік, экономикалық және экологиялық міндеттер тұрғысында су ресурстарының пайдаланылуын тұрақты дамытуды, әділ бөлуді және мониторингтеуді қамтамасыз ететін үздіксіз процесс. Процестің үздіксіздігі келесі 6 қадамды бірізділікпен қайталауда:



**1-ҚАДАМ.** Бизнес пен қоғам үшін су ресурстарының құндылығын қабылдау және бұл ресурсқа ұқыпты қарап, ұтымды пайдалануға сөзсіз ниет білдіру.


**2-ҚАДАМ.** Компанияның су ресурстарын пайдалануы туралы ақпаратты жинау.

**3-ҚАДАМ.** Су ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі 5 жылдық жоспарды (бұдан әрі – Жоспар) әзірлеу.

**4-ҚАДАМ.** Су ресурстарын ұтымды және жауаптылықпен басқару жөніндегі іс-шараларды іске асыру.

**5-ҚАДАМ.** Су ресурстарын басқару бөлігіндегі қызметті талдау.

**6-ҚАДАМ.** Су ресурстарын ұтымды пайдалану бойынша іске асырылған іс-шаралар жөніндегі ақпаратты ашу.



**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында  
су ресурстарын басқару жөніндегі  
негізгі қағидаттар**

**8 «су» қағидаты**

1. Біз судың адамның өмірі мен денсаулығы үшін, қоғам мен біздің өндірістік қызметіміз үшін аса құнды екенін ұғына отырып, еліміздің су ресурстарына ұқыпты және ұтымды қараудың маңызды екенін мойындаймыз.
2. Біз Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауға ғана емес, халықаралық стандарттар мен үздік тәжірибелерге де сәйкес келуге, сондай-ақ өңірдегі барлық мүдделі тараптардың пікірлерін ескеруге де ұмтыламыз.
3. Біз басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде және операцияларды басқару кезінде тұщы суды сақтау мен оны пайдаланудың тиімділігі мәселелерін ескереміз.
4. Біз судың тікелей тартылуына немесе делдалдар арқылы сатылуына байланыссыз бастапқы су тарту көздерін ұғынамыз және бағалаймыз.
5. Біз ауызсуды өндірістік мақсаттарда пайдаланбауға тырысамыз.
6. Біз су тарту мен су бұруды жүз пайыз аспаптық есепке алуға ұмтыламыз.
7. Біз су айналымы мен су үнемдеу технологияларын енгізу есебінен балғын суды тартуды барынша қысқартуға және суды мүмкіндігінше барынша қайта пайдалану үшін суды тазалау сапасын арттыруға тырыса отырып, суды ағызу көлемін төмендетуге ұмтыламыз.
8. Біз су ресурстарын басқару жүйесін үздіксіз жетілдіру үшін озық тәжірибелерді зерделеу мақсатында су ресурстары аясындағы халықаралық бастамаларды қолдау арқылы және салалық қауымдастықтарға қатыса отырып, әлеуетімізді арттырамыз.

**Компанияның Бірінші басшысы**

**Қолы**